

ҚАЙДА БАРА ЖАТЫРСЫЗ?



1. Оқыңыз, есте сақтаңыз.

Үйге

Жұмысқа

Кездесуге

Нотариусқа

Дөңгелек үстелге

Кабинетке

Облыстық сотқа

Нотариалдық палатаға

бар+а
жатырмын

Үйден

Жұмыстан

Кездесуден

Нотариустан

Дөңгелек үстелден

Кабинеттен

Облыстық соттан

Нотариалдық палатадан

кел+е
жатырмын



2. Сұқбатты тыңдаңыз, жазыңыз.

- Сіз қайда бара жатырсыз?
- Мен жұмысқа _____.
- Сіз қайдан келе жатырсыз?
- Нотариустан _____.
- Қайда бара жатырсыз?
- _____ бара жатырмын.
- Қайдан келе жатырсыз?
- _____ келе жатырмын.





3. Бос орынға қажетті сөздерді қойыңыз.

-ға, -ге

-қа, -ке

-дан, -ден

-тан, -тен



Мен _____

бара жатырмын.

Мен _____

келе жатырмын.



үй

Мен _____

бара жатырмын.

Мен _____

келе жатырмын.



жұмыс

Мен _____

бара жатырмын.

Мен _____

келе жатырмын.



қала

Мен _____

бара жатырмын.

Мен _____

келе жатырмын.

**4. Тыңдаңыз, қажетті жалғауларды жазыңыз.**

Сіз кездесу_____ бара жатырсыз ба?

Сіз іссапар_____ бара жатырсыз ба?

Сіз үй_____ бара жатырсыз ба?

Сіз нотариус_____ бара жатырсыз ба?

Қайда?**-ға, -ге, -қа, -ке****Қайдан?****-дан, -ден, -тан, -тен**

Сіз кездесу_____ келе жатырсыз ба?

Сіз іссапар_____ келе жатырсыз ба?

Сіз үй_____ келе жатырсыз ба?

Сіз нотариус_____ келе жатырсыз ба?

**5. Сұқбатты оқыңыз, тиісті жалғауларды жазыңыз.**

– Сен қайда бара жатырсың?

– Мен жұмыс_____ бара жатырмын.

– Қайдан келе жатырсың?

– Мен кездесу_____ келе жатырмын.

-дан, -ден**-тан, -тен****-ға, -ге****-қа, -ке**

– Сен нотариалдық палата_____ бара жатырсың ба?

– Иә, нотариалдық палата_____ бара жатырмын.

– Сен кездесу_____ келе жатырсың ба?

– Жоқ, жиналыс_____ келе жатырмын.





6. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

Қайдан келе жатырсыз?

Қайда бара жатырсыз?

Үлгі: Облыстық соттан келе жатырмын.

Облыстық сотқа бара жатырмын.

үй

Әділет департаменті

Нотариус

қала

Аудандық сот

Көші-қон қызметі комитеті



7. Тыңдаңыз, есте сақтаңыз.

Абай көшесі

Әділет департаменті

Көші-қон қызметі комитеті

Халыққа қызмет көрсету орталығы



8. Тыңдаңыз, тиісті сөздерді жазыңыз.

Сіз қайда бара жатырсыз?

Мен _____ бара жатырмын.

Сіз қайдан келе жатырсыз?

Мен _____ келе жатырмын.

 9. Үлгінің көмегімен тиісті қосымшаны жазыңыз.

Қайда бара жатырсыз?

Абай көшесі + і + не

Көші-қон қызметі комитеті _____

Әділет департаменті _____

Халыққа қызмет көрсету орталығы _____

Теміртау қаласының мамандандырылған
әкімшілік соты _____

*Тәуелденген барыс
септігі*

Зат есім + (тәуелдік
жалғауының III жағы
-ы, -і, -сы, -сі)
+ барыс септігі
(-на, -не)

Қайдан келе жатырсыз?

Абай көшесі + і + нен

Көші-қон қызметі комитеті _____

Әділет департаменті _____

Халыққа қызмет көрсету орталығы _____

Теміртау қаласының мамандандырылған
әкімшілік соты _____

*Тәуелденген шығыс
септігі*

Зат есім + (тәуелдік
жалғауының III жағы
-ы, -і, -сы, -сі)
+ шығыс септігі
(-нан, -нен)